

## Мұқағали Мақатаев шығармасының танымдық мәні

<b>ЖАРИЯЛАНДЫ</b> 23.05.2021	<b>ТІРЕК СӨЗДЕР</b> Мұқағали Мақатаев, Мұқағали Мақатаев шығармасының танымдық мәні	<b>СІЛТЕМЕ</b> <a href="https://bilimger.kz/97774/">https://bilimger.kz/97774/</a>
---------------------------------	--	---

«Тұран» университеті, «Журналистика және аударма ісі» кафедрасы,  
«Журналистика» мамандығының 1-курс студенттері:

Көпірбай Шолпан

Сыдықбек Мейрамбек

Қожаева Малика

Сәбитова Амина

Қабидуллаев Айнат

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Тулекова Гүлжан  
Қажымұратқызы

### Түйіндеме

Бұл мақалада, қазақтың ғасыр ақыны Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев шығармасының танымдық мәні теренінен талқыланған. Сонымен қатар «Мен—дағы өлең жазбаймын» атты туындысының мағынасына терең үніле отырып ақынның ішкі жан дүниесін тануға баса назар аударылған.

### Резюме

В данной статье подробно рассматривается познавательная ценность творчества казахского поэта Мукагали Сулейменовича Макаатаева. Также делается глубокий акцент на внутреннем мире поэта, акцентируя внимание на значении произведения «Мен-дағы өлең жазбаймын».

### Summary

This article examines in detail the cognitive value of the work of the Kazakh poet Mukagali Suleimenovich Makatayev. A deep emphasis is also placed on the inner world of the poet, focusing on the meaning of the work «Men-dagy olen zhazbaimyn».

Түйін сөздер: Ақын, поэзия, Абай, ұстаз, мұра, ізбасар, өлең, шығарма.

Ключевые слова: Поэт, поэзия, Абай, учитель, наследие, последователь, стихотворение,

сочинение.

Keywords: Poet, poetry, Abai, teacher, heritage, follower, poem, composition.

Поэзия әлемінің патшасы, мұзбалақ ақын- Мұқағали туралы жазу оңай шаруа емес. Өйткені, ақын туралы бәрі жазылып қойған сияқты. Ақиық ақынды барша қазақ таниды. Ақын өлеңдерін екінің бірі жатқа айтатыны тағы бір ақиқат. Сырға толы сырбаз өлеңдері де, ән болып көкке самғаған шалқыма өлеңдері де, қазақ әдебиеті сынды алып мұхиттың, жыр жауһарлы поэзия аралын өлең өрнегімен өріп, сөз маржанымен көмкеріп тұрған асыл қазына.

Халық арасында мұзбалақ ақын Мұқағалиға неге Мұзбалақ деген жалғау қосып айтады деген сұрақ туандауы мүмкін? Мұзбалақ деген не? Мұзбалақ- деп айбыны асқақ, қайратты, көк аспанда қалықтаған өжет мінезді, алдына келгенді жайпап өтетін қыранды айтады. Міне Мұқағалидың да мінез құлқы, өлеңінің мағыналары, тұлғалық қасиеті мұзбалақтың аласармас ахлағымен ұқсас егіз ұғымдай.

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев — әлемге деген поэтикалық қатынасы шынайы өмірге деген құштарлығымен біте қайнасқан қазақ халқының көрнекті ақыны. Ол — қазақ поэзиясы әлеміне шексіз кеңістік пен бұрын-соңды болмаған биіктер әкелген ақын. Ол жалғыздық пен тойымсыз көңіл-күйді, қуаныш пен мұңды, шабыт пен шыдамсыз сағынышқа толы махаббатты жырлаған ақын.

Мұқағали Мақатаевтың өмірін өлеңнен, өлеңді оның өмірінен бөліп қарау мүмкін емес. Өйткені, оның бүкіл өмірі өлеңдерімен астасып, шығармалары өмірінің өзегіне айналды. Басқаша айтқанда, ақын бар өмірін поэзияға арнады. Сондықтан ақын өмірімен, өмірбаянымен танысқысы келген үлкен-кіші де, жас-кәрі де ең әуелі ақынның өлеңімен танысуы қажет.

Лирика – ақынның белгілі бір уақыт пен ортаға деген көзқарасынан туындаған өлең өрнектері немесе дәл осы шақ пен қазіргі уақыттағы адамдардың көңіл-күйі мен эмоцияларының жемісті нәтижесі. Ақын лирикасының барлық қасиеттері заманның рухымен, дәуір мазмұнымен анықталып отырады. Демек, лирика рухани өмірдің, сезім әлемінің, ой әлемінің әдемі көрінісі екені сөзсіз. Мұқағали өлеңдерінің қайсысын алсақ та, әрқайсысында терең лирикалық сезімдер көрініс тауып, өзгереді, өркендейді, сезімдер жылуы, олардың терең әсері тоғысады, өзіндік өрнек пен үйлесімділікке ие ерекше бірізділік орын алады.

М.Мақатаев қазақ халқының ауызша және жазба әдебиеті үлгілерінен білімге құштар жан-дүниесінің шөлін қандырып, солардан үлгі ала отырып, өз өлеңдерін де айқын ұлттық сипатқа арнады, дәстүрге жаңалық қосып, сөз өнерін байытты. Ақын өз шығармаларында ерекше стиль, ақындық шеберлік танытып, көркем образдар жасауда әдеби құралдар мен әдіс-тәсілдерді шебер қолданды. Мақатаевтың поэтикалық ойы — адам болмысының, тағдырлар талқысының көрінісі. Ақын өлеңдеріндегі тек бір ғана поэтикалық өлең өрнегі оқырманды ойлануға шақырады, сондықтан Мұқағали Мақатаев — қазіргі қазақ поэзиясының классигі, ұлы тұлға, халқымыздың ақиық ақыны деп зор

сеніммен айта аламыз.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев туындылары көркемдік ерекшелігімен, эстетикалық әсемдігімен, ұйқасты үйлесімділігімен, терең мән-мағынасымен ақын жүрегінен қалың оқырманның жүрегіне жол тапқан қастерлі өлеңдер. Өз заманының мұңын мұңдап, қуанышын жырлаған ақынның тілдік шеберлігі де өлеңсүйер қауымды тәнті етеді. Дыбыс ырғақтылығы, сөздер сиқыры, тармақтар тартысы, шумақтар шиеленісі, мағына мәнділігі, бәрі-бәрі де хас шебердің қаламынан туатын өнер. Мұқағали ақын да дана Абай салып кеткен дара жол – қасиетті қара өлең торабымен жүріп, өлең белесін бағындырған, өлең асуынан асып, өлең шыңына шыққан жасампаз, наркескен ақын. Бірақ, нағыз ақынды сансыз ақынның ішінен айшықтап, даралап тұратын халық үнімен үндесіп, замана жырын жырлайтын, халық зарын мұңдап, қуанышын қозғайтын, жүректі жарып шыққан шынайы өнер туындылары. Мұзбалақ ақын Мұқағали да өз заманының дара ақыны бола білді. Ақын өлеңі жай ғана өлең емес, жүректі әсем әуенімен тербеп, кеудені тыныштандыратын, өнердің нәзік өлшемдерін түйсіндіретін сырлы өлеңдер.

Өлең (поэзия) көп ойды аз сөзбен көрікті етіп жеткізудің көрнекті үлгісі. Жай көзбен қарағанда өлең – сөздер мен сөз тіркестерінің қарапайым жиынтығы тәрізді болып көрінуі мүмкін. Бірақ, мүлдем олай емес. Кез- келген сөздер мен сөз тіркестерінің бірлігі өлең бола алмайды. Белгілі бір мағынадағы, белгілі бір поэтикалық қызмет атқаратын бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің әдемі үйлесімі ғана өлең бола алады. Өлеңді өлең ететін – ақын және оның тіл шеберлігі. Ендігі, Мұқағали өлеңдерінің нағыз өлең дәрежесіне көтерілуі де ақын мен ақынның тіл шеберлігінен деп айтсақ артық айтқанымыз емес.

Бүгінгі толғамымыздың өзегіне айналғалы отырған Мұқағали шығармашылығының танымдық мәні сырбаз ақынның ұлттық болмыс пен халықтық кейпін жоғалтпаған әр өлеңінен атқақтап тұрғандай. Сыршыл ақынның басым көпшілік өлеңдері туған жерге, туған елге, Отанға, қазақ халқы мен ауыл тұрмысына, кең байтақ қазақ даласына арналған. Қазаққа тән дархан мінез де, еркіндік те, кең пейлділік те, қонақжайлылық та, алып күш пен төзімді шыдам да ақын өлеңдерінен көрініс табады. Сырға толы өлең жауһарларының ішінен бүгінгі талқыға түсетін ақын өлеңі – «Мен -дағы өлең жазбаймын» атты туындысы. Өлеңнің көлемі төрт шумақ, он алты жол. Төрт шумаққа төрткіл дүниенің тағылымын сиғызатын ақын тақырыптың танымын терең сипаттаған.

«Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,

Ермек үшін, немесе өлмеу үшін.

Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын,

Жаралы жүректерді емдеу үшін», —

деп басталатын бұл өлеңін Мұқағали Абай салған өрнекпен астастырып, Абай үлгісімен жазуды өзіне мақсат еткенін де жасырмайды.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергек үшін», —

XIX ғасырдың бас ақыны Абай мен XX ғасырдың «ғасыр ақыны» Мұқағалидың екі бөлек дәуірде өмір сүргеніне қарамастан, екеуінің де өмірлік мұраты, ақындық миссиясы жеке бас қамы емес, күллі жұртшылықтың қам-қарекеті болғаны сәйкестік емес. Абайдың жанынан шыққан, терең ойымен өрілген мағыналы өлең сөздерін жазудағы мақсаты – өз дәуіріндегі жастардың көзін ашып, көкірегін ояту, көңілдеріне үміт сәулесін жағу болса, Мұқағалидың өлеңдерінің нысаны – өмірден теперіш көрген, қайғының қамытын киіп, уайымның түбіне батқан түрлі тағдырлардың мұң-жарасын жазу, күпті көңілдерін көтеріп, шалқыма өлеңдері арқылы әдемі көңіл-күй сыйлау, сырлы өлеңдері арқылы мұңдымен бірге мұңдасу, қайғысын бір адамдай көтерісу. Байқағанымыздай, екі ақын да өмірлеріне айналған өлеңдерін құр ермек үшін, еріккеннен, уақыттың көптігінен немесе ел мақтасын, атақ-абыройға ие болайық деген мақсаттан шығармаған. Өлең жазудағы мақсаттарын Абай да, Мұқағали да өлеңдерінің беташарында нақтылап айтып өтеді. Екеуінің де белгілі мақсаты, ақындық мұраты – қара халықтың жайынан туған ұлы мақсаттар болатын.

Ақиық ақынның қазақ лирикасының ірі тұлғасына айналған Абайдай жыр алыбынан шабыт алып, ұлы ақын тұлғасын өзіне үлгі етуі заңдылық. Қазақтың бас ақыны болған Абай Құнанбайұлының өлең өрнектері, өлең жазудағы әдіс-тәсілдері, оңтайлы алынған ұйқас пен ырғақ, ақындық стилі сынды шығармашылық белестері кейінгі ақындардың арнасына бастау болды, ақындыққа ден қойған талай жасқа жол көрсетер бағдаршам болғаны жасырын емес. Мұқағали ақын да өзінің алдында өткен аға буын ақынға, жай ақын емес, ұлылыққа жеткен дана ақынға еліктеп, Абай өлеңдері мен өз өлеңдерін сыртқы пішінімен астастырғаны көпшілік өлеңдерінен көрініс тауып отырады. Сыртқы пішіндері, өлең ұйқастары ұқсастық тапқанымен, ақындар өлеңдеріндегі ішкі мән-мазмұн өзара ерекшеленеді. Әрқайсысы өз дәуірінің мұңын мұңдап, өзекті мәселесін көтеріп, өздерінше шешу жолдарын ұсынады. Мұқағалидың «Мен-дағы жазбаймын өлеңді» өлеңінің келесі шумақтарында:

«Ермек үшін белгілі жырламасым,

Ермек десе, ел мейлі тыңдамасын.

Өтсем болды арқалап адамдардың

Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын», —

Көрсетілген бір шумақта ақын өзінің ойын оқырманға одан да терең одан да айшықтап жырлайды. Ермек үшін жырламайтындығына көзі жеткен оқырманға, ермек үшін жыр жазып жүр деп түсінген бұқара топ тыңдамаса тыңдамасын, өз өлеңімен елдің жүгін арқам жауыр болғанша арқалаймын деген мақсатты мағынаны жеткізіп тұрғандай. Зер салып қарайтын болсақ Мұқағали өлеңдерін оқығанда тілге икемді, жанға жағымды, миға қонымды екенін аңғаруға болады. Бүгінде еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін мұзбалақ ақынның кем дегенде бір өлеңін жатқа біледі, оған дәлел ақынның туған

жері құтты мекен Қарасаз ға ат басын бұрып, кез-келген тұрғынынан ақын өлеңдерін сұрай қалсаңыз мүдiрместен жатқа айтары анық. Тiптi, ақындығын ешкiм мойындамаса да, өз шабытын, өз ақындық ғұмырын замандастарының қуаныш, шаттығын, мұңналасын арқалауға арнайтынын айтып өтедi.

Ақын өнерге өлеңге шын берiлген, адал жан едi. Ауру сырқау қысқан шақта да шығармашылығы тоқтамады. Бұған дәлел көптеген ауруханадағы өлеңдерi және ақын күделiгiнiң соңғы сөйлемдерi: «Әттең аруым болмаса, биылғы жыл мен үшiн жаман басталмады. «Өмiрдастан» — таңдамалым 15 000 тиражбен шықты: аса жаман емес. Мазмұны, тақырыбы менi қанағаттандырады. Бұдан 10-12 жыл бұрын жазғандарымның жаңа дүниедей оқылғаны қуантады. Бәрi орнында...» [1]

Абай салған арнадан нәр алған мұзбалақ ақынның талқыға түскен өлеңiнiң келесi жолдары:

«Қуат алып Абайдың тiл-күшiнен,  
Жыр жазамын Абайдың үлгiсiмен.  
Абай болып табынсам бiр кiсiге,  
Абай болып түңiлем бiр кiсiден», -

деп тұжырымдалады. Абайдың аты аталса бiрден есiмiзге ұйқыдағы қазақты оятумен күрескен, елiнiң еңсесiн көтере бiлген алып тұлға түседi. Құнанбайдың құлыны, қазақтың маңдайына бiткен жұртының тәрбиешiсi Абай өз заманында адамның, оның iшiнде қазақ деген елдiң руханияты, мiнез құлқы, дiнi мен дiлi, кешесi, бүгiнi, ертеңi туралы терең зерттеп насихаттап өттi. Қазақ әдебиетiндегi ақындар арасында Абай мектебi, Абай дәстүрi қалыптасқаны ақиқат. Өткенге көз жiберсек, Абайдан үйренбеген, Абайды ұстаз санамаған ақын-жазушы жоқтың қасы. Мұқағали да осы мектептiң қарлығашы, түлегi. Сондықтан оның Абайша ойлап, Абайша жыр бұлағын төгiлдiруi, парасатты тұжырым жасауы заңды. Ұлы Абайдың өз дәуiрiнiң кеселге айналған үлкен дертi – надандық пен сауатсыздық сынды қазақтың ұлы жауларымен бiлек сыбана күрескенi бәрiмiзге аян. Өлеңдерiнде де, қара сөздерiнде де жастардың көзiн ашуға тырысқан хакiмнiң барлық ой-арманы – келешек ұрпақты, қазақ жастарын жарқын болашақтың биiгiне шығару болатын. Өз дәуiрiнде замандастарының қолдауынан жұрдай болған ақынның iшкi жалғыздығы өлеңдерiнен медет тапты. Бүкiл саналы ғұмырын игi iске жұмсауға асыққан ақын қазақтың тамырын шiрiтiп жатқан арам шөп – надандықпен күрестi. Сол секiлдi, жаңа дәуiрдiң iрi ақыны – Мұқағали да өз қатарластарының сенiмi мен қолдауына ие бола алмай, өзiн түсiнбейтiн жандардың ортасында жалғыздық күйiн кештi. Десе де, Абай секiлдi Мұқағали да өз өлеңдерi арқылы өмiрiне шабыт алып, күллi ғұмырын осы ақындыққа арнауға бел буады. Ақын да ұлы ұстазы секiлдi ақындық миссиясын пайдалы iске арнауды өмiрлiк мұратына айналдырды. Ұлы ақынның өлеңдерiнен күш-қуат алған Мұқағали ақын өз шығармаларын Абай салған сара жолмен халыққа ұсынды, саф өнерiн жалғастырды. Ең үздiк үлгi бойынша жазылған ақын өлеңдерi оқырман жүректерiнен қолдау тауып, халықтың ыстық ықыласына бөлендi. Абай үлгiсiмен жырласа да, өзiндiк ерекше стилi бар, өзiндiк суреткерлiк шеберлiгi бар, өзiндiк ой-толғамы бар мұзбалақ

ақынның мәңгілік туындылары халық өмірінен, адам тағдырынан, заман күйлерінен сыр шертті. Десек те Мұқағали Абай, Абай Мұқағали бола алмайды екі тұлғаны салыстыру мүмкін емес. Мұқағали Абайды қайталаған жоқ, ол Абайдың өлеңінен шабыт алды, өзінің шығармашылығына серпіліс жасады. Абайдың қазаққа тастап кеткен азығы, мұрасының ішінде қара сөздерің өкше басар ұрпаққа деген орны таптырмас, көл-көсір дария.

Өлеңнің соңғы жолдарын:

«Өлмеу үшін — құлқынды жемдеу үшін.

Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.

«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»

Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін», —

Өлеңнің соңғы төрт жолында- тоғыз ауыз сөздің толықтай түйінін шығарып, қорытындылауға мән берілген. Өлең жолдарына қарасақ, адам баласының оның ішінде жастардың бойындағы қасиеттерді оларға деген өмірлік мақсаты ретінде айтылған. Ол қандай қасиет? Қандай міндет? Деген сұраққа келер болсақ, өлеңде осы аталғандар бір қарағанда көзге байқалмайды, себебі өлеңге үңіле келе, мағынасын аша келе дәл сол ойға дөп түсуге болады. Аталған адам бойындағы қасиеттер: Ашкөздік, нәпсіқұмарлық, тойымсыздық, немқұрайлықсынды мінез құлықтар. Ашкөздік, нәпсіқұмарлық, тойымсыздық жайында: «Өлмеу үшін-құлқынды жемдеу үшін»-деп сипап өтеді, яғни өзінің өлеңін байлыққа айырбастап, сатпайтындығы туралы, өнерге, өлеңге ол үшін емес адал яғни шынайы берілгендігі туралы баяндайды. Жалпы адам баласының бойынды тойымсыз әрдайым құлқынды азықтандыруды қалап тұратын нәпсі деген нәрсе бар, міне соның жетегіне ермеу керектігін біртуар ақын бал амалап жырлағандай.

Келер ұрпақ, жастар қауымы алдыңғы буынның ізбасарлары, адам өмірінің жалғасы болып табылады. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тәлім тәрбиені, ұлттық рухты өлтірмей болашаққа жеткізетін алтын көпір де осы жастар. Мұқағали жастарға деген міндет, мақсат-мұрат туралы өлеңде баса назар аударып: Жас ұрпаққа үлгі өнеге ретінде өшпес рухани азық қалдырып жазғаны туралы, Абайдың жаққан сәулесін жастар сөндірмесін, Абайдың шам-шырағын өшірмей даңғыл жолды жалғастырушы екендігін айтады, айтып қана қоймай сол жолды жастар жандандыра түссе екен деген сынды мағына береді.

Мұқағали Мақатаевтың «Мен-дағы жазбаймын өлеңді» өлеңінің танымдық мәні өте тереңде. «Ақын деген кім, өлең деген не, ақындық мұрат қандай болмақ?» сынды сұрақтардың жауабын берген ақын осы өлеңі арқылы ұлы Абайдың мәңгілік өшпес ізін көрсетіп кетті. Абай бағытын ұстанған ақынның өз жолы да, өз мұраты да осы өлеңнен көрініс табады. Оқырман қауымға, өлеңсүйер жастарға арнап шығарған өлеңі арқылы жастардың танымына бар жақсыны, бар ізгіні құюға тырысқан ақын өз мақсатына жеткендей.

Әр өлеңінен сыршыл мінез бен өршіл рухтың лебі есіп тұратын біртуар ақын Мұқағали шығармашылығы қазақ өлеңінің озық үлгісі. Жыл керуені алға жылжыған сайын артынан қалдырған өшпес мұрасы қараңғы түн қойнауынан сәулесін шашқан жарық

жұлдыздай жарқырай, айшықтала түсуде. Қазақ халқы да дара ұлын, ақиық ақынын бір сәтке де есінен шығарған емес. Заты өлсе де, аты өлмеген тұлғалардың бізге қалдырған мұрасына сансыз алғыстар болғай, арамызда болмаса да шығармашылығын бағалай білуіміз қажет, себебі білімді, өнерді бағалау адамдық қасиеттің жоғарғы сатысы.

Қазақ аспанына шулай шығып жатқан өлеңдер бір төбе. Мұқағали жазған өлеңдер бір төбе. Мұқағали поэзиясы бөлек Елстан. Қазақтың қара өлеңінде Мұқағалиша толғана білген ақын аз. Өлеңге-адам жанының жылуын, кереғар болмысын, көз жасын, айбатты намысын да еркін енгізген Мұқағали. «Көшеді өлең немесе өшеді өлең» деп тебіренген де Мұқағали. Сол сөзді қырық бес жасында қазақтың қай ақыны айта алды ағайын, а?[2] Мұқағали Мақатаев 1976 жылы 27 наурызда 45 жасында Алматыда дүниеден озды. Мұқағалитанушы Шаяхмет Имашұлы бұл турасында былай дейді:

«1976 жылы «Өмір дастан» деген Мұқағалидың сары кітабы дүниеге келді. Оған Мұқағалидың өзі қатты қуанып, қатты дәріптеген. Кітаптың бірнеше данасын алған болса, соның барлығын өзінен үлкен ақындардың біразына қолтаңбасымен таратыпты. Біреуін Әбділдә Тәжібаевқа жіберіпті. Әбділдә Тәжібаев Мұқағалиды анау Қарасазда жүрген жерінен шақыртып, үй бергізіп, жұмысқа алғызған.

Сол Әбекеңе қолтабасымен кітабын бергенде тілегін білдіріп, «27 наурыз, 1976 жыл» деп жазып жіберіпті. Ол негізі ақпан айының іші екен. 27 наурызда Мұқағали дүниеден өтеді. Содан кейін Әбекең таң қалып, «әулиелігі бар екен ғой» деп «Әулие ақын» деп ат қойған көрінеді. Сонда Мұқағали өзінің өлетін күнін сезіп тұр екен ғой. Ал өмірден өтерінде «Жаназа» деген поэма жазды. «Моцарт, Азалы үн» деп басталды. Өзінің жаназасын өзі шығарды дейміз.

«Жарық дүние, жарығың неткен жақсы еді, Жаңылыспасын жаным деп айтсам дәп сені», — деген жолдары бар. Сол өлеңді Сағат Әшімбаев «Лениншіл жасқа» Мұқағали қайтыс болғаннан кейін басып кеп жіберіпті. Мұқағали сонымен бұрқ ете қалды. Ең тиражы көп «Лениншіл жастың» өзін қолдан-қолға іздеп оқыды ғой сол күні. Ең көп тиражбен шығатын газеттің өзі жетпей қалғанын елестетіп көріңізші. Осы оқиға Мұқағалиды қайты тірілтті», — дейді ол. [3]

Көзі тірісінде ақынның еңбектері толыққанды бағасын алмаған. Тек ол дүниеден кеткен соң ғана Мұқағали Мақатаевтың шығармалары өте жоғары бағаланып, тіпті бірнеше шет тіліне аударылған. Ал ақынның баспана іздеп, көп жағалаған «Жетім бұрыш» (пәтер жалдаушылар тұратын орын) тұрған көшеге кейін Мұқағали Мақатаевтың есімі берілді. Бұрынғы Пастер көшесін Мұқағали Мақатаев атындағы көше деп атау жөніндегі бастаманы Алматы қаласының бұрынғы әкімі, марқұм Заманбек Нұрқаділов қолға алған еді.

Ал шығармалары өзбек, қырғыз және тағы басқа шет тілдеріне аударылды. Ақынның әдеби мұрасын зерттеуде 3 кандидаттық диссертация қорғалды. Мұқағали Мақатаев шығармашылығы турасында 700-ге тарта еңбек (мақала, естелік-эссе, роман, поэма, өлең, т. б.) жазылған.

Мақатаев қайтыс болғаннан кейін 1985 жылы ҚР Жазушылар одағы Мұқағалидің атындағы әдеби сыйлық тағайындады. 1999 жылы оған Мемлекеттік сыйлық, сол секілді «Ғасыр ақыны» атағы берілді.

60 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның туған жерінде мұражайы ашылды.

Алматыда ақын атында мектеп, көше және сол көше бойында Мұқағали Мақатаевқа арналған ескерткіш бар. Мұқағали өлеңдеріне Н. Тілендиев, Д. Рақышев, Ш. Қалдаяқов, І. Жақанов, А. Қоразбаев, Т. Рахимов, М. Рүстемов, Т. Мұхамеджанов, Ә. Тінәлиев, Б. Оралұлы, Т. Досымов, т. б. сазгерлер ән жазды.

1985 жылы Қазақстан Жазушылары Одағының бастамасымен үздік әдеби шығарма авторларына Мақатаев атындағы сыйлық тағайындалды.

1999 жылы Мұқағалидың «Аманат» атты кітабы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

2002 жылы 16 желтоқсанда ақынның құрметіне ескерткіш ашылды.

Ал 2008 жылы Мақатаев атындағы жаңа сыйлық тағайындалды.

2011 жылы Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы түрлі деңгейде аталып өтті.

2015 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы «Metropolitan Classics» компаниясы Мұқағали Мақатаевтың жыр жинағының тұсауын кесті.[4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Өмірдастан», Алматы, «КАЗақпарат», 2015.-232 б.
2. «Көшеді өлең немесе өшеді өлең». Халықаралық Абай клубы, 2013. Роллан Сейсенбаев.
3. «Өз жаназасын өзі шығарды».Спутник хабарламасы сайтынан [m.sputnik.kz](http://m.sputnik.kz)
4. Ер есімі –ел есінде.Жылнамалар жинағы. Sputnik хабарламасы сайтынан [m.sputnik.kz](http://m.sputnik.kz)

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.